

*¹Базаркулова Б.К.  ²Габдуллин К.Т. 

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹bazarkulova.bk@gmail.com, ²gabduллин5682@gmail.com

АҚШ-ТЫҢ ИРАНҒА ҚАРСЫ САНКЦИЯЛАРЫ: БАҒЫТТАРЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

Аңдатпа. Иранда ислам режимі билікке келгеннен кейін елдің толық тәуелсіздігін жариялайды, Вашингтонның саяси және экономикалық ықпалынан бас тартады. 1979 ж. қарашада ирандық студенттер АҚШ елшілігі қызметкерлерін кепілдікке алады. Осы оқиғадан кейін екі мемлекет арасында қайшылықтар басталады, Вашингтон Иранға қарсы алғашқы санкцияларын жариялайды. Американың Иранға қарсы санкциялық режимі қазірге дейін әртүрлі бағыттарда сақталып отыр. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері – Американың Иранға қарсы санкцияларының себептерін зерттеу; олардың түрлерін, кезеңдерін анықтау, санкциялар салынған жылдардағы АҚШ және ИИР президенттерінің саяси рөлін көрсету, санкциялардың Иранның саяси және экономикалық дамуына әсерін сараптау. Осы мәселелерді қарастыру үшін салыстырмалы-тарихи және хронологиялық-сараптау әдістері қолданылды. Зерттеудің жаңалығы – АҚШ-тың Иранға қарсы санкцияларының бағыттары мен кезеңдерін қарастыру. Зерттеудің практикалық маңыздылығы Иранның сыртқы саясатын, елдің ішкі жағдайын болжауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері. Вашингтонның негізгі санкциялары Иранның ядролық бағдарламасына қарсы бағытталған. Өзара байланыстарға екі мемлекет басшыларының саяси ұстанымдары да әсерін тигізіп келеді. Вашингтон санкциялар арқылы қысымды күшейткенімен, Ирандағы ислам режимі қарсыласудың әртүрлі тәсілдерін пайдаланып, билікті қорғау саясатын ұстануда. Қазіргі кезеңде, Д.Трампың екінші рет президенттік билікке келуімен Иранның ядролық мәселесін реттеу қайтадан қарастырылып жатыр.

Кілт сөздер: Иран, АҚШ, ислам режимі, санкция, мұнай, экономика, ядролық бағдарлама, ядролық келісім

Кіріспе

Санкциялар жеке немесе мемлекеттер тобы, халықаралық ұйымдар тарапынан бір мемлекетке экономикалық қысым жасау арқылы саяси талап – тілектерді бейбіт түрде орындату мақсатында салынады. Санкциялардың тарихы сауда – экономикалық қысым ретінде ежелгі мемлекеттер кезеңінен басталады. XXғ. бастап санкцияларды сыртқы саясаттың құралы ретінде пайдалану көбейген және осы тізімде АҚШ бірінші орынды иеленеді (Тимофеев, 2018: 30). Көп жылдар бойы Вашингтон әртүрлі бағыттағы санкцияларды Иран Ислам Республикасына (ИИР) қарсы пайдаланып келеді.

Шах билігі тұсында Иран – АҚШ байланыстары достық сипатта дамыды. Иранда монархиялық режим құлатылғаннан кейін екі ел арасында қайшылықтар басталады. Ислам революциясы АҚШ-тың Ирандағы ықпалына үлкен соққы жасады. 1979 ж. 4-қарашада Америка елшілігі қызметкерлерінің Иранда кепілдікке алынуына байланысты ИИР-ға қарсы Вашингтон алғашқы санкцияларын салады. Бұл АҚШ – Иран байланыстарындағы бетбұрыстық оқиға болды. Осы оқиғадан басталған өзара қайшылықтар бірде шиеленісіп, бірде бәсеңдеп қазірге дейін жалғасып келеді. Санкциялар арқылы Америка Иранның сауда – экономикалық саласына шектеулер қояды. Осылайша Вашингтон ислам революциясына дейінгі Ирандағы рөлін қалпына келтіргісі келеді. 1980 ж. 7 сәуірде АҚШ Иранмен дипломатиялық байланыстарын тоқтатады. Осы кезеңнен бастап Вашингтон Иранға

байланысты саясатын «тежеу» және «біріккен іс – әрекетке тарту» тәсілдерімен жүргізіп келеді (Федорова, 2017: 158). Қазіргі кезеңде санкциялар – АҚШ-тың Иранды «тежеу» және оған қысым жасау саясатының бір бөлшегі болып табылады.

Иран–Ирак соғысы жылдары да лаңкестікке қолдау көрсету, ислам революциясын экспортқа шығару мәселелері бойынша Иранға кезекті санкциялар салынды. АҚШ-тың 1990 жж. ортасынан бастап қазірге дейінгі Иранға қарсы санкциялары оның ядролық бағдарламасына қарсы бағытталған. Вашингтонның 2010–2013 жж. және 2018 жылдан бастап қазірге дейін санкциялары Иранның әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсерін тигізді.

Геоэкономикалық, геостратегиялық маңыздылығына байланысты Таяу Шығыс – сыртқы мемлекеттердің мүдделері де тоғысатын аймақ. Иран – АҚШ байланыстары аймақтың қауіпсіздігіне де ықпалын тигізетіні сөзсіз. Иран – Таяу Шығыс аймағындағы саяси және экономикалық салмағы бар, аймақтағы мәселелерді шешуде маңызды орынды иеленетін мемлекет. Сондай-ақ Иранның саяси және әлеуметтік – экономикалық дамуындағы тұрақтылық аймақтағы мәселелерге де ықпал етеді. АҚШ-тың Иранға қарсы санкцияларының себептері мен салдарын зерттеу арқылы Таяу Шығыс аймағының қауіпсіздігі, Иранның аймақтағы саясаты, саяси және экономикалық тұрақтылығы, екі мемлекет байланыстарының реттелуі мәселелері бойынша болжамдар жасауға болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Иран Ислам Республикасының АҚШ-пен байланыстары көптеген ғылыми зерттеу еңбектерінде негізгі мәселе ретінде қарастырылған. Осы тақырыпты зерттеуде Иран ғалымдарының ислам революциясына дейінгі Иран–АҚШ байланыстары, аятолла Хомейни кезеңінде және одан кейін Иранға салынған санкциялар және олардың салдары туралы жазған зерттеулері қолданылды. Санкциялардың негізгі себептерінің бірі Иранның ядролық мәселесін қарастырған ағылшын тіліндегі зерттеулер сарапталды. Иран Ислам Республикасының саяси – экономикалық дамуы, сыртқы саясаты, соның ішінде АҚШ-пен байланыстары туралы жазылған ресейлік тарихшылар мен ирантанушы ғалымдардың еңбектері Вашингтонның Иранға қарсы санкцияларын зерттеу үшін негізгі материал ретінде пайдаланылды.

АҚШ-тың Иранға қарсы санкция салуы ислам режимі билікке келгеннен кейін басталды. Себептеріне байланысты санкциялық режим бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Санкциялардың салдары Иран Ислам Республикасының дамуына, оның ішкі және сыртқы саясатына ықпал етуде. Осы кезеңдегі Иранның тарихи дамуын және елде болып жатқан саяси процестер нақты тарихи әдісті қолдану арқылы зерттелді.

Себептеріне және президенттерінің рөліне байланысты Вашингтон санкциялары бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Хронологиялық сараптау әдісі негізінде санкциялардың нақты хронологиялық шеңбері көрсетілді. Осы әдіске сүйене отырып Вашингтон санкциялары түрлерінің эволюциясын байқауға болады. Әр жылдардағы санкциялардың Иранның дамуына әсерін салыстыру, бағыттарын талдау, Иран – АҚШ байланыстарының дамуы бойынша Иран президенттерінің көзқарасын айқындауда салыстырмалы –тарихи әдіс қолданылды. АҚШ-тың Иранға қарсы санкциялары тарихи кезеңдермен және өзара байланыстардағы мәселелермен ұштастырыла зерттелді.

Талқылау

Ислам революциясы, себептері мен салдары, Иранның сыртқы саясаты, Иран – АҚШ байланыстары туралы әртүрлі тілдерде көптеген ғылыми – зерттеу еңбектері жазылған. Бұл мәселелер кеңес заманындағы ғылыми еңбектерде де қамтылды. Ислам революциясы АҚШ-тың Ирандағы саясатына да қарсы бағытталған болатын. Монархиялық билік тұсындағы АҚШ – Иран байланыстары, өзара жасалған келісімдер, Американың Ирандағы саяси және

экономикалық рөлі мәселелері ғылыми зерттеулерде қарастырылған. Екі ел байланыстарында түбегейлі өзгеріс жасаған 1979 ж. қарашадағы американдық дипломаттардың кепілдікке алынуы туралы және ислам революциясы тақырыбын зерттеген С. Агаев (Агаев, 1984), С. Алиев (Алиев, 2004), В. Кременюк және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Ирантанушы Ресей ғалымдарының Иран – АҚШ қайшылықтары, Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі, АҚШ президенттерінің Иранды «тежеу» саясаты туралы ғылыми мақалалары, монографиялары, жинақтары жарияланған. Ресей ғалымдарының ішінде Иран-АҚШ байланыстары И. Федорованың негізгі ғылыми – зерттеу тақырыбы болып табылады және хронологиясы бойынша монархиялық кезеңнен қазірге дейінгі уақытты қамтиды. АҚШ-тың санкциялары және оның Иран экономикасына әсері туралы Н. Мамедова көптеген ғылыми-зерттеу мақалаларын жариялаған. Тарихшы А. Сафоновтың мақалаларында АҚШ президенттерінің Иранға қарсы тежеу саясаты қарастырылады. Сонымен қатар Ресейдің ирантанушы ғалымдары Е. Дунаева, В. Сажин, В. Юртаев және т.б. ғылыми – зерттеу еңбектері Иранның сыртқы саясаты, саяси және әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне арналған.

Иран – АҚШ байланыстары, санкциялардың себептері мен салдары мәселесі парсы тіліндегі ғылыми зерттеулерде де көрініс тапқан. Сеид Яхья Алави (Алави, 2016) Б. Обаманың Иранға қарсы жариялаған санкцияларына, Эхсан Эджази (Эджази, 2016) Мохаммед Реза шах Пехлеви тұсындағы Иран – АҚШ байланыстарына, Асғар Форуғи Абри, Азиме Паянде (Форуғи Абри, Паянде 2016) аятолла Хомейни тұсында Иранға салынған санкциялардың салдарына талдау жасайды. Санкциялар мәселесіне байланысты Иранның ядролық бағдарламасы, екі ел байланыстарындағы мәселелер ағылшын тіліндегі зерттеулерде де жарық көрген.

Отандық ғылымда Иран – АҚШ қайшылықтары туралы саясаттанушылар, сарапшылар, экономика мамандары жалпы зерттеулер жүргізіп, бақылап, болжамдар жасап отырады. Иранның сыртқы саясатына қатысты мәселелер М. Лаумулин, С. Кушкумбаев, Р. Жұмалы, С. Кожирова және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Дегенмен, жалпы Иранға байланысты отандық ғылыми еңбектер көп емес. Иран – АҚШ байланыстары, аймақтық және халықаралық деңгейдегі Таяу Шығыс аймағындағы Иранның рөлі бұл тақырыпты жүйелі тұрғыда ғылыми зерделеудің маңызды екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Иранның АҚШ-пен байланыстары ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап орнатылып дамыды. ХХ ғ. орт. дейін Америка Иранда белсенді саясат жүргізбеді. Оның ықпалының Иранда артуы 1953 ж. елде мұнайды ұлттандыру саясатын жүргізген М. Мосаддықтың үкіметін биліктен кетірген мемлекеттік төңкерістен кейін басталады. Бұл төңкерісті АҚШ – Ұлыбритания арнайы қызметі бірлесіп ұйымдастырады. Осы төңкерістен кейін АҚШ Иранның Таяу Шығыс аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөліне ерекше назар аудара бастайды (Эджази, 2020: 106). Америка Иранның аймақтағы коммунизмге қарсы күресте одақтас ретінде қарастырады. Ал Мохаммед Реза шах Пехлеви елдегі өзінің билігін және аймақта басымдық рөлін сақтау үшін АҚШ-тың қолдауына арқа сүйейді. Американың Иранда саяси, әскери және мәдени ықпалы күшейеді және Иранның да бұл елге тәуелділігі арта түседі.

Иран халқының монархиялық билікке және Американың үстемдігіне қарсы наразылығы күшейеді және 1978 ж. ислам революциясы басталады. Революция жылдары АҚШ әкімшілігі бір жағынан, революцияны күш қолдану арқылы басып тастау, осылайша шах билігін сақтауды, екінші жағынан революция күштерімен байланысқа түсуді де қолдаған болатын. АҚШ президенті Дж. Картер Американы қолдау саясатын жүргізген Мохаммед Реза шахтың режимін сақтай алмады. 1979 ж. 11-ақпанда ислам революциясы жеңіске жетіп,

билікке аятолла Хомейни бастаған шиттік дін басылары келеді. АҚШ революция жеңісіне дейін 5-ақпанда аятолла Хомейни тағайындаған уақытша революциялық үкіметті мойындайды.

Ислам революциясының жеңісінен кейін Иран АҚШ-тың «қамқорлығынан» азат етіліп, тәуелсіз ел бағытын ұстанады. Дін басылары АҚШ-пен жасалған келісім – шарттардың күшін жояды, Американың әскери, экономикалық көмегінен бас тартады, азаматтарын елден шығарады. Американдық компанияларға берілген жеңілдіктер мен артықшылықтар жойылады, Иранның бірнеше қаласындағы АҚШ-тың консулдықтары жабылады. Американдық компаниялар негізгі рөл атқарған Иран мұнайын өндіру және сатумен 1954 жылдан бастап айналысқан Халықаралық мұнай консорциумымен жасалған 1973 жылғы келісімді тоқтатады. Осылайша АҚШ-тың Ирандағы саяси және экономикалық ықпалы жойылады. Аятолла Хомейни бастаған шииттік дін басылары АҚШ-тан тең дәрежелі қарым-қатынасты талап етеді. Иран уақытша революциялық үкіметінің басшысы, буржуазияның өкілі М. Базарган және үкіметтің либералдық бағыттағы кейбір мүшелері АҚШ-пен тең жағдайда байланыстарды дамытуды қолдайды. Дж. Картердің әкімшілігі де Иранмен байланысты сақтауға мүдделі болды. Екі ел байланыстары біртіндеп реттеле бастайды, өзара сауда қалпына келтіріледі.

Алайда, 1979 ж. 4 -қарашада Имам Хомейни бағытының ізбасарлары деп аталатын студенттер тобы Тегеран қаласындағы АҚШ елшілігінің 52 қызметкерін кепілдікке алады. Революция жеңісінен кейін де шах билігі тұсындағы АҚШ-тың елдегі ықпалына қарсы өшпенділік Иран қоғамында сақталған болатын. Олар Америкадан шахты елге беруді және оның байлықтарын елге қайтаруды талап етеді. 1979 ж. ислам революциясының көсемі аятолла Хомейни бұл іс – әрекетке қолдау көрсетеді. Шиттік дін басылары бұл жағдайды өздерінің саяси билігін күшейту үшін пайдаланады.

Осы оқиғадан кейін жауап ретінде сол кездегі президент Дж. Картер тұсында Вашингтон ИИР-ға алғаш рет өзінің бір жақты санкцияларын салады. Иран азаматтары АҚШ аумағынан шығарылады. Шах кезеңінде Иранға сатылған әскери техника мен қосалқы бөлшектерді Иранға жіберуді тоқтатады. 1979 ж. 14 қарашада президенттің №12170 үкімі бойынша АҚШ-тың банктеріндегі Иранның 12 млрд. долларды құрайтын салымдары бұғатталады (Юртаев, 2016: 26). Бұл Вашингтонның ислам режиміне қарсы алғашқы санкциясы болды. Американың аумағындағы құны шамамен 2–4 млрд. долларды құрайтын Иран жылжымайтын мүлкіне шектеу қойылады. Бұл санкцияның американдық қаржылық институттардың мүддесін қорғау мақсатында да салынғанын айтуға болады (Fayazmanesh, 2003: 224). Сондай-ақ №12205 үкім бойынша Иранға экспортқа, сонымен қатар қаржылық амалдарға эмбарго жарияланады. 1980 ж. сәуірде Иранға қару – жарақ сатуға және жалпы өзара саудаға және сапар жасауға тыйым салынады. Сауда эмбаргосының нәтижесінде екі елдің арасында сауда көлемі азаяды. Бұл кездегі санкциялар сауда–экономикалық сипатта болды. Вашингтон өзінің кепілдіктегі азаматтарын құтқару үшін 1980 ж. сәуірде әскери әрекеттер жасайды, алайда, ол нәтижесіз аяқталады. АҚШ – Иран дипломатиялық байланыстары осы жылдың 7-сәуірінде үзіледі.

Өзара сауда – экономикалық байланыстардың үзілуі екі тарапқа да теріс әсер етті. Ислам революциясына дейін Иран экономикасында АҚШ маңызды орынды иеленген болатын. Ол Иран мұнайының негізгі тұтынушысы еді. Иран ақшасы АҚШ банктерінде сақталды, Иранның мұнай өндіру және өңдеу саласында негізінде американдық құрал-жабдықтар пайдаланылды. Иранда шамамен 50 мыңға жуық АҚШ азаматтары жұмыс істеді (Федорова, 2004 : 7). Шах заманында АҚШ Иранға тауар экспорттаушы алғашқы үш елдің бірі болған. Иран әскери техника мен технологияның 75 және азық – түліктің 25 пайызын Америкадан алып отырған. Санкция салдарынан 1980 ж. АҚШ-тың Иранға экспорты 98 пайызға төмендеп кетеді (Форуғи Абри, Паянде, 2016: 71).

АҚШ Иранға экономикалық санкциялар арқылы қысым жасап, негізгі және стратегиялық тауарлардың жетіспеушілігін тудырып, халықтың режимге қарсы наразылығын тудырмақшы болады. Санкциялар Иранның экономикалық жағдайын қиындатады, инфляция дамиды және тауарларға баға өседі, халықтың әлеуметтік жағдайы қиындайды. АҚШ санкцияларының қаржылық және экономикалық салдарына Иран үкіметі негізінен мұнай экспорттау арқылы қарсы тұра алды. Мұнайды экспортқа шығару арқылы түскен пайдадан Иран өзін азық – түлікпен, шикізатпен, өнеркәсіптік жабдықтармен және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етеді (Алиев, 2004: 497). Жұмысшылардың жалақысын көтеру және ауылдық жерлерді дамыту бағдарламасы және құрылыс жұмыстары да осы мұнайдан түскен өнім арқылы жүзеге асырылады. Бұл жағдайдан шығу үшін Иран Кеңес Одағы мен басқа да социалистік елдермен сауда байланыстарын дамытуға көшеді.

Иран Ислам Республикасының негізін қалаған аятолла Хомейни санкцияларға қарсы тұру үшін өзін-өзі қамтамасыз ететін экономика құру қажеттігін айтады. Салынған санкциялардың ықпалымен Иран біртіндеп өзін-өзі қамтамасыз ететін экономиканы дамытуға көшеді. Иран экономикалық салада өз-өзін қамтамасыз ететін (خودکفایی) бағытқа көшті. Бұл дегеніміз – өз-өзіне арқа сүйеу және басқаға тәуелді болмау. Имам Хомейни АҚШ-пен саяси, экономикалық, әскери, мәдени байланыстарды қысқа уақытта жойып, осы салаларда өзін-өзі қамтамасыз ету үшін ішкі мүмкіндіктерді пайдалану керек деген болатын (Форуғи Абри, Паянде, 2016: 69). АҚШ-тың экономикалық санкцияларына қарсы тұру үшін ұлттық экономиканы дамыту іс-шаралары жүргізіледі. Қажетті азық-түлікті елдің ішінде өндіру, мұнайдан түсетін қаржыға арқа сүйеу, негізгі тауарларға бағаны өсірмеуге баса назар аударылады және ауыл шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлінеді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығында біраз жетістіктерге қол жеткізіп, Америка және басқа елдерге тәуелділігі азаяды. Санкция жылдары қанағатшылдық және үнемдеуге баса назар аударылады. Өзін-өзі қамтамасыз ететін өнеркәсіпті, ғылымының салаларын дамыта бастайды. Иракпен соғыста қару-жараққа деген сұраныс, осы саланы дамытуға мәжбүрлейді.

АҚШ президенті Дж. Картер еуропалық одақтастарын да Иранға қарсы санкциялар жариялауға шақырады. 1980 жылы мамырда Еуропа елдері Иранға қарсы сауда–экономикалық санкцияларын жариялайды. Бұған Жапония, Канада және Австралия да қосылады. Дегенмен, Еуропа елдері өздерінің экономикалық мақсаттары тұрғысынан АҚШ-қа толық қолдау көрсете алмады. АҚШ осындай саясаты арқылы ислам режимін Батысқа байланысты саясатын өзгертуге мәжбүрлегісі келеді. Президент Дж. Картер билігі тұсында тұсында АҚШ кепілдіктегі азаматтарын санкциялар арқылы қысым жасау жолымен де, әскери амалдармен де босата алмайды. Ислам режимі АҚШ-қа байланысты саясатын өзгертпейді.

1980 ж. қыркүйекте басталған Иран – Ирак соғысы Иранның экономикасына қысымды күшейтеді. Осы жылдың аяғында Америкада президент болып Республикалық партияның өкілі Р. Рейган сайланады. 1981 ж. қаңтарда Алжирдің араласуымен Иран келісімге қол қояды. Кепілдікте 444 күн өткізген АҚШ елшілігінің қызметкерлері босатылады. Банктерде бұғатталған ирандық активтерді қайтару туралы АҚШ уәдесі осыған негіз болады. Осы келісім бойынша АҚШ-тың Иранның ішкі істеріне араласпайтыны туралы айтылады (Fayazmanesh, 2003: 225). Кепілдіктегі дипломатиялық қызметкерлер босатылғаннан кейін Иранға салынған санкциялардың негізгі бөлігі тоқтатылады. Осы келісімнен кейін Иран мен АҚШ арасында өзара байланысты реттеу бағыты айқындалды деп айтуға болады, байланыстардың шиеленісуі тоқтатылады.

Екі елдің де өзара экономикалық байланыстарды қайта қалпына келтіруге мүдделігі сақталады. Осы шиеленісті жағдайда Иранның АҚШ-қа техникалық тәуелділігі байқалады, құрал – жабдықтарға және олардың қосалқы бөлшектеріне сұранысы сақталады. Ал АҚШ Иранның стратегиялық маңыздылығын, ірі мұнай экспорттаушы және аймақтағы әскери салмағын жоққа шығармады. Осы факторды ескере отырып, өзара дипломатиялық

байланыстары болмағанымен, АҚШ Иранмен байланыстарын түбегейлі үзген жоқ (Сафонов, 2022: 50). Рейган басқаруы тұсында екі ел арасында біртіндеп сауда көлемі арта бастайды. Әсіресе, өзара саудада мұнай негізгі рөл атқарды. АҚШ Иран мұнайын алуға мүдделі болса, Иран тарапы мұнайды сата отырып, табыс көлемін арттырады. Мұнай саудасынан түскен кіріс бүкіл Иран кірісінің 75 пайызын құрайтын болған (Федорова, 2004: 35). Өзара сауда үшінші елдер арқылы жүргізіледі. Алайда, санкциялар тоқтатылғанымен екі елдің арасында сауда – экономикалық байланыстар толық қалпына келтірілмейді. ИИР мұнай саудасын басқа елдермен, соның ішінде Батыс Еуропа және Азия – Тынық мұхиты елдерімен дамытады.

Иран-Ирак соғысы жылдары (1980-1988) АҚШ тарапынан Иранға қысым жаңа санкциялар арқылы жүзеге асырылады. 1982 ж. Бейруттегі АҚШ елшілігіне шабуыл және Ливан аумағында Америка азаматтарының өлтірілуіне байланысты Иран айыпталады. Ирандық зерттеуші Яхья Алави көреткендей, бұл санкциялар келесі кезеңдерде біртіндеп жоғары көтеріле берді және АҚШ-тың Иранға байланысты саясатының негізгі бөлшегіне айналады (Яхья Алави 2016: 57). Рейган әкімшілігі Иранның Иракпен соғысында ислам режимінің күшейіп кетуін қаламады. Ақ үй әкімшілігі ИИР-ды Ливандағы исламдық топтармен байланыста, қолдау көрсетіп отыр деп айыптайды. 1984 ж. қаңтарда АҚШ Иранның халықаралық лаңкестікке қолдау көрсетуші деп кінәлап, қару-жарақ сатуға тыйым салады. Осылайша соғыста Иранның әлсірету бағытын ұстанады (Fayazmanesh, 2003: 226). Осы оқиғалардан кейін де Ливанда америка азаматтарын кепілдікке алу оқиғалары жалғасады. Соған байланысты АҚШ Иранға 1984 ж. қыркүйекте ұшақ және олардың қосалқы бөлшектерін сатуға тыйым салады. Вашингтон екі тараптың да аймақтық үстемдікке ие болмауы үшін соғыстың ұзаққа созылуына мүдделі болды. Соғыста Иракқа қолдау көрсете отырып, Иранға Израиль арқылы 1985-86жж. қару – жарақ сатумен де айналысты. Бұл оқиға 1986 ж. мәлім болып, үлкен дау тудырған болатын.

Соғысты тоқтату туралы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарын қабылдауға мәжбүрлеу үшін АҚШ Иранға жаңа санкциялар салды. 1987 ж. қараша–желтоқсанда АҚШ-қа Иран мұнайының және Иранға Америка тауарларының сатылуына, жалпы екі елдің арасындағы сауда айналымына, Иранға қару – жарақ сатуға тыйым салынады. Американың кейбір одақтастары бұл санкцияға қосылады. Екі ел арасындағы сауда байланысының деңгейі төмен болғандықтан Вашингтонның бұл санкциялары да көп нәтиже бермейді.

1989 ж. қаңтарда АҚШ президенттік билікке Республикалық партия атынан үлкен Джордж Буш келді. 1989 ж. маусымда діни рахбар Хомейни қайтыс болғаннан кейін Иран-АҚШ байланыстарын жақсартуға үміт пайда болады. Осы жылы президенттік билікке келген Ә. Ә. Хашеми Рафсанджани дін басыларының прагматикалық бөлігінің басшысы ретінде АҚШ-пен байланыстарды жақсартуды қолдады. Ол – экономиканы либерализациялау реформаларын жүргізген тұлға ретінде танымал. 1990 жылдан бастап екі елдің байланыстарын қалпына келтіру бойынша белсенді жұмыстар басталады. Алайда бұл бастамалар Иранның ішкі қарсылығына байланысты орындалмады. Иранда АҚШ-қа қарсы бағыт сақталса, Америка аймақта өзінің үстемдігіне қарсылық көрсетіп отырған Иранға қарсы қысым көрсету саясатын жалғастырады.

Иран 1990 жж. басынан шах заманында негізі қаланған ядролық бағдарламасын қайта дамытуға көшеді. 1992 ж. бастап атомдық энергетика саласында Иранның Ресеймен ынтымақтастығы басталады. Бұл кезеңде де Вашингтонның санкциялық саясаты жалғасады. 1992 ж. қазанда АҚШ Иран мен Иракқа байланысты ядролық қаруды таратпау туралы заң қабылдайды. Ол бойынша үшінші елдерге Иранға ядролық технологиялар мен материалдар беруге тыйым салынады (Fayazmanesh, 2003: 225).

1993–2001 жж. аралығында екі мерзімде Демократиялық партияның өкілі Б. Клинтон президенттік қызметте болды. Оның билігінің бірінші кезеңінде (1993–97 жж.) Иранға қарсы санкциялар күшейтілді. 1993 жж. АҚШ Иран мен Иракқа байланысты «екі жақты тежеу» саясатын жариялайды. Вашингтонның бұл саясатының негізі иран-ирак соғысы жылдары

қалыптасты деп айтуға болады. 1994 жылдың аяғынан бастап Иранның ядролық бағдарламасына байланысты Израиль мен Америкада қауіп пен күдік күшейеді. 1995 ж. наурызда №12957 үкімі бойынша Американың компаниялары мен жеке тұлғаларына Иран мұнайына байланысты жұмыстармен айналысуға және инвестиция салуға тыйым салынады. Осы үкім негізінде американдық Коноко компаниясы Иранмен жасалған келісімін бұзуға мәжбүр болады. Бұл санкциялардың мақсаты Иранды саяси және экономикалық жағынан толық оқшаулау еді. 1995 ж. мамырда №12959 үкім бойынша Иранмен саудаға толық эмбарго қойылады. Ол бойынша американдық компанияларға Иран мұнайын сатып алуға және сатуға тыйым салынады. АҚШ-тың Иранға экспортына толық тыйым салынады, бұған дейін жоғары технологияларға ғана тыйым салынған болатын. Сондай-ақ Иранға инвестиция салудың барлық түріне шектеу қойылады. 1996 ж. тамызда сенатор Д'Амато дайындаған заң, басқаша Иран мен Ливияға қарсы бағытталған санкциялар қабылданады. Бұл заң бойынша, американдық компаниялармен қатар барлық шетелдік компанияларға осы екі елдің мұнай мен газ саласына 20 млн. доллардан астам инвестиция салуға шектеу қойылады. Бұл заң Д'Амато немесе ILSA заңы деп аталады (Тимофеев², 2018: 61). Иран мен Ливия халықаралық терроризмге қолдау көрсетушілер ретінде аталады. Бұл заң Ливияға қарсы санкциялар алынып тасталғаннан кейін, 2006 ж. бастап Иранға қарсы санкциялар деп өзгертіледі (ISA). Осы санкция шеңберінде АҚШ санкция шарттарын бұзған үшінші елдердің жеке және заңды тұлғаларына санкция салу құқығына ие болады. Бұл санкциялармен қатар 1997 ж. тамызда АҚШ үкіметінің №13059 үкімі бойынша Америкадан тікелей немесе үшінші елдер арқылы Иранға кез келген тауар түрін, технологияларды және қызмет көрсету түрлерін экспорт жасауға, жеткізуге тыйым салынады. АҚШтың Иранға байланысты бұл саясатын Израиль қолдайды. АҚШ-тың Үнді мұхиты мен Парсы шығанағында әскери күші көбейтіледі, Парсы шығанағында АҚШ-тың тұрақты бесінші флоты құрылады (Федорова, 2004: 81).

Вашингтонның санкциялар арқылы Иранды оқшаулап әлсірету саясаты тағы да толық жүзеге асырылмайды. Кейбір шетелдік компаниялар шектеулерге қарамастан Иранмен мұнай – газ саласында келісімдер жасап, байланыстарын сақтайды. Иранмен сауда – экономикалық шектеулер Америкаға да теріс зардаптарын тигізді. Республикалық партия Иранға байланысты қатал бағытты ұстанды. Ал Демократиялық партия бұл саясаттың Америка кәсіпкерлеріне тиімсіз екені айтты (Федорова, 2004: 83). Американың санкциялық саясатының Иран билігі үшін тиімді жақтары да болды. Ислам режимі елдің ішіндегі әлеуметтік –экономикалық қиындықтарды АҚШ қысымымен байланыстырды. Екінші жағынан, АҚШ-пен қарсыластық саясаты Иранның халықаралық сахнада беделін көтереді.

Осындай жағдайда 1997 ж. Иранда президенттік билікке реформаторлық бағытты ұстанатын М. Хатамидің келуі де екі ел байланыстарының жұмсаруына ықпал етті. Б. Клинтон билігінің екінші кезеңінде (1997–2001 жж.) Иранға қарсы санкциялар жеңілдетілді, байланыстарды реттеуге әрекеттер жасалады. 1990 жж. аяғында екі елдің арасында ресми емес байланыстар дами бастайды. 1999 ж. Иранға азық-түлік және медициналық тауарларды экспортқа шығаруға, Ираннан кейбір тауарларды Америкаға кіргізуге рұқсат етіледі.

М. Хатами президенттігінің бірінші кезеңінің соңында 2001 ж. қаңтарда президенттік билікке келген Республикалық партияның өкілі кіші Дж. Буш осы кезеңге дейін Иранға байланысты жүргізілген саясатқа сенімсіздікпен қарап, оны либералды саясат деп есептейді. 2001 ж. АҚШ Конгресі Иран мен Ливияға қарсы санкциялар туралы 1996 ж. заңның уақытын ұзартады. 2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасынан кейін АҚШ Иранды Солтүстік Корея және Иракпен бірге «зұлымдық шеңбері» елдері қатарына қосады. Неоконсерваторлық идея негізінде Иранға қысым жасау кезеңі басталады. Исламдық режимге қарсы АҚШ әскери қимылдар емес, саяси – психологиялық қысым жасау саясатын қолданады.

2003 ж. МАГАТЭ ұйымы Иранда уранды байыту үшін материалдар табылды деп жариялаған уақыттан бастап Иранның ядролық мәселесі пайда болады (Sterio, 2016: 70).

2003 ж. Иран ядролық қаруды таратпау туралы Келісімнің Қосымша хаттамасына қол қояды. Иран мен Батыс елдері арасында 2004 ж. келіссөздер басталады. 2004 ж. кіші Дж. Буш екінші мерзімге сайланғаннан кейін АҚШ Иранға қысым жасауын ядролық бағдарлама мәселесі төңірегіне негіздейді. Ядролық мәселе Иранда консерваторлық көзқарастағы Ахмадинежадтың 2005 ж. президент болып сайлануымен ушығады. Батыспен келіссөздер тоқтап қалады. Америка әлемдік қауымдастықты Иранның ядролық бағдарламасына қарсы топтастырып, Иранға қарсы халықаралық санкциялардың жариялануына мүмкіндік туғызады. 2006 жылдан бастап Иранға БҰҰ ҚК тарапынан халықаралық санкциялар салына бастайды. Иран 2010 жылға дейін салынған жаңа санкцияларға қарамастан тұрақты экономикалық даму деңгейін сақтай алды.

Осы кезеңде халықаралық санкциялармен қатар Вашингтон да Б. Обама тұсында Иранға қарсы санкциялық саясатын жалғастырады. Б. Обама Демократиялық партияның өкілі, 2009–2017 жж. аралығында АҚШ президенті қызметін атқарды. Ол президент болған жылдары Иранға ең көп санкция салынады және олар технологиялық жағынан өзгереді. Конгресс 2010 ж. 1 шілдеде «Иранға қарсы кешенді санкциялар, жауапкершілікке тарту және капитал салудан айыру» туралы немесе қысқаша ағылшын тілінде CISADA деп аталатын Заңды қабылдайды. Бұл заң бойынша Иранға салынған бұрынғы санкциялар толықтырылып, кеңейтілді, бұл заңды Д'Амато санкциясының күшейтілген, толықтырылған түрі деп айтуға болады. Б. Обама санкциялары мақсаты бойынша көп салалы және Клинтонның санкциялық саясаты сияқты, экстерриториялық, яғни Иранмен байланысы бар үшінші елдерді де қамтыды. Бұл оның бұрынғы санкциялардан ерекшелігін көрсетеді. Д'Амато санкциясы АҚШ-тың еуропалық одақтастары оны толық қолдамағандықтан орындалмаған болатын. Осыны ескерген АҚШ CISADA санкциясын салғанда шарттарды өзгертеді. Д'Амато санкциясының тиімді болмаған жақтарын ескере отырып, Иранның мұнай саласына инвестиция салуды ғана шектеп қоймай, Иран экономикасының тағы да екі саласына экстерриториялық санкция салады. Бұл – Иранға бензин сатуға және санкция салынған Иран банктерімен байланыс жасаған шетелдік банктерге санкция салу. Санкциялардың орындалуын қадағалайтын құрылымда да өзгерістер болды. Б. Обама тұсында АҚШ конгресінің Иранға экономикалық қысым жасау рөлі күшейеді (Яхья Алави, 2016: 57). Бұл қадамдардың барлығы экстерриториялық санкцияларды күшейтіп, Иранның жағдайын қиындатады.

Иранның ядролық бағдарламасы мен әскери күшін шектеуден басқа, санкциялар мұнай-газ, химия, Орталық банк, сақтандыру, сауда және Иранның мұнайын тасымалдайтын мұнай танкерлерін сақтандыру салаларын қамтиды. 2012 ж. ақпанда Иранның АҚШ-тағы барлық активтері бұғатталады. Наурыз айында Иран халықаралық «SWIFT» төлем жүйесінен шығарылады. АҚШ-тың кейбір санкциялары ислам революциясын қорғаушылар Корпусына қарсы бағытталды. Корпус жаппай қыры-жоятын қару таратқаны үшін айыпталды және оған қолдау көрсеткен банктерге санкциялар салынды. Бұл санкцияларды ЕО, Қытай, Ресей, Жапония, араб елдері қолдайды.

Президент Картерден Обамаға дейін АҚШ президенттері мен Конгресі тарапынан Иранға қарсы санкция жариялаған 29 үкім мен заң қабылданса, соның 12 -сі Б. Обама тұсында салынған екен (Яхья Алави, 2016: 57). Бұл санкциялар көлемі бойынша үлкен, мазмұны бойынша да бұрынғы санкциялардан басқаша болады. Мазмұны жағынан Иран билігіне ғана емес, Яхья Алави көрсеткендей, Иран қоғамына қарсы бағытталған және тікелей немесе Иранмен байланысқа түскен үшінші елдерді де қамтыды. Ақ үй әкімшілігі Иранның билік жүйесіне емес, халқына қысым жасай отырып, жалпы халық наразылығын тудырып, сол арқылы билікке қысымды күшейтпекші болады (Яхья Алави, 2016: 59).

Иран экономикалық даму деңгейі 2011 жылдан бастап төмендей бастайды. Инфляция деңгейі өседі, көптеген шетелдік инвесторлар елден кетеді. Мұнай экспорты азаяды. Иран риалының құны төмендейді. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қиындады,

Иранның әлеуметтік қауымдастықпен байланыстары нашарлайды. Діни басшы Әли Хаменеи 2011 ж. елде «Ислам Республикасының төртінші онжылдығын «прогресс пен әділеттілік» кезеңі деп атап, экономикалық джихад жариялайды. Иран өзіне қарсы салынған экономикалық санкцияларға қарсы күрес тәсілі ретінде «қарсыласу экономикасын» (اقتصاد مقاومتی) дамытады (Мамедова, 2012: 10).

Иран мен әлемдік қауымдастық арасындағы осындай шиеленісті жағдайды Ирандағы президенттік сайлаудың нәтижесі өзгертеді. Реформаторлық бағытты ұстанған Хасан Роухани 2013 ж. маусымда Иранда президенттік сайлауда жеңіске жетеді. Ол билікке келген уақыттан бастап ядролық бағдарлама мәселесін реттеу саясатына көшеді. Роухани әлемдік қауымдастықпен байланыстарды дамыту бағытын ұстанады және ядролық бағдарлама бойынша Батыспен келіссөздерді жүргізеді. Бұл келіссөздер Иранның діни басшысы аятолла Әли Хаменеи жариялаған Иранның сыртқы саясат доктринасы «қаһармандық икемділік (نرمش قهرمانانه) негізінде жүргізіледі (Шумилин, 2020: 73). 2013 ж. қарашада Иран Женевада Аралық келісім – Бірлескен іс – қимыл жоспарына қол қояды. Ол бойынша Иран біртіндеп ядролық бағдарламасын шектейді, соған сәйкес кейбір санкциялар алына бастайды.

2015 ж. 14 шілдеде ядролық бағдарламаға байланысты Иран мен алты мемлекет, яғни БҰҰ ҚК-дің бес тұрақты мүшесі және Германия арасында, Бірлескен кешенді іс – шаралар жоспарына қол қойылды. 2016 ж. 16 қаңтардан бастап МАГАТЭ есебінен кейін бұл жоспардың орындалуы басталады. Ол бойынша Иран тарапы ядролық бағдарламасын шектейді және елдің мұнай – газ салаларына салынған санкциялар тоқтатылады. Ядролық келісімнің заңдық күші кезінде халықаралық санкциялармен қатар АҚШ-тың Иранға санкциялары да тоқтатылады. Кейбір санкциялар, соның ішінде қару-жарақ сатуға, адам құқықтарын сақтамау мен «халықаралық лаңкестікке қолдау көрсету» бойынша салынған санкциялары күшінде қалады (Sterio, 2016: 76). Иран халықаралық төлем жүйесіне қайтадан қосылады. «Ядролық келісім» АҚШ-тың Республикалық партиясы тарапынан сынға ұшырайды.

Санкциялардың қысқа уақыт болса да қысымының азаюы Иран экономикасының дамуына жағымды әсерін тигізді. Иран мұнай–газ саласында экспорттың кеңейтеді, Иран экономикасына инвестициялар тартыла бастайды. Ядролық келісімнің жасалуы және осыдан кейін Иран экономикасының дамуына мүмкіндіктердің ашылуы Хасан Роуханидің 2017 ж. президенттік сайлауда жеңіске жетуіне мүмкіндік берді.

Алайда, АҚШ-та 2017 ж. қаңтарда президенттік билікке келген Республикалық партияның өкілі Д. Трамп тұсында АҚШ – Иран байланыстары қайтадан шиеленіседі. Ол «ядролық келісімді» сынап, Б. Обама саясатынан біртіндеп бас тартады және Иранға саяси – дипломатиялық қысым жасауға көшеді (Сафонов, 2022: 51). АҚШ Конгресі 2017 ж. шілдеде «Санкциялар арқылы Америка қарсыластарына қарсы әрекет жасау» заңын қабылдайды. Бұл АҚШ-тың Иранға қарсы санкциялық саясатындағы маңызды кезең болып табылады. Иранға Конгресс заңы арқылы санкция салу алғашқы рет 1996 ж. Д’Амато заңын қабылдағанда қолданылған болатын. Осылайша АҚШ-тың Иранға қарсы саясаты Конгресс бақылауына өтеді және президенттің осы саясатты жүргізудегі рөлі шектеледі.

2018 ж. мамырда Д. Трамп ядролық келісімді өз елінің мүдделеріне сәйкес келмейтінін негіз етіп, АҚШ-ты Бірлескен кешенді іс–қимыл жоспарынан шығарады. Осы келісімге дейін жасалған экономикалық санкциялар қайтадан қалпына келтірілді. Д. Трампың мақсаты – ИИР-ды АҚШ-тың шарттары негізінде, яғни ядролық мәселемен қатар, адам құқықтары мәселесі және Таяу Шығыстағы Иранның саясаты мәселелерін қамти отырып, жаңа келісімге қол қою болды (Дунаева, Сажин, 2020: 12). Иран билігі де бұған жауап ретінде 2019 ж. мамырда «ядролық келісім» бойынша міндеттерін кезең-кезеңмен азайтуға көшетінін жариялайды.

2018–2020 жж. аралығында Иранға қарсы жаңа бір жақты санкциялар салынды, ол ірі компанияларды, банктерді және жеке тұлғаларды қамтыды. Бұл санкциялар президент

үкімімен, Конгресс және әртүрлі министрліктер шешімдерімен жарияланды. Ядролық бағдарлама мәселесімен қатар, Иранға қарсы санкциялар баллистикалық ракеталар жасау, ислам революциясын қорғаушылардың Корпусына қолдау көрсету, адам құқықтарының бұзылуы, лаңкестікке қолдау көрсету мәселелеріне негізделді. Америка Иранның Таяу Шығыс аймағындағы саясатын сынап отырып, Хезболла мен Хамас, Йемендегі хуситтерге қолдауын айыптайды.

Вашингтон санкциялары Иранмен сауда–экономикалық байланыстағы үшінші елдердің заңды және жеке тұлғаларына да қарсы бағытталды. Осы кезеңдегі санкциялардың ішіндегі Иран үшін үлкен соққы болғаны, оның мұнайын сатып алуды шектеу болды. Тек сегіз елге Иран мұнайын алуға рұқсат етіледі және олар да мұнай көлемін азайтуға міндеттелді. Экономикалық дамуда қайтадан құлдырау басталады. 2019 ж. рұқсат етілген сегіз елге де Иран мұнайын сатып алуды шектейді. Осы кезде Вашингтон Иранға «ең жоғарғы қысым көрсету» саясатын жүргізеді. Бұрын санкцияға ілінбеген экономиканың басқа салалары қамтылады. Мысалы, Иран металлының импорты тоқтатылады, металлургиялық, машина жасау өнеркәсібіне, құрылыс саласына, тоқыма өнеркәсібіне, Орталық банкке, фармацевтика өнімдерін экспортқа шығаруға, болат өндіретін Иран компанияларына санкциялар салынады. Жалпы осы кезеңде АҚШ-тың санкциялары Иран экономикасының барлық салаларын қамтиды. 2020 ж. мұнай өндірісі мен экспортының деңгейі түсіп кетеді. Алайда, Трамп санкциялары Иранның мұнай экспортын толық тоқтата алмады. Иран мұнайды экспортқа шығару үшін әртүрлі тәсілдерді пайдалануға көшеді.

Трамп Иранның ислам революциясын қорғаушылар Корпусын 2019 ж. лаңкестік ұйым деп жариялап, санкциялар салады. Оның билігі тұсында жеке тұлғаларға санкциялар салу көп пайдаланылды. 2020 ж. Иран генералы К. Сулеймани өлтірілгеннен кейін Иранның жоғары қызметтегі сегіз тұлғасына қарсы санкция жарияланады. Трамп кезінде «ядролық және ракеталық бағдарламасына байланысты Иранға ең жоғары қысым» жасалады (Сафонов, 2022: 52). АҚШ-тың «ядролық келісімнен» шығуы, Иранға қарсы санкциялары елдің саяси өміріне де әсер етті. Иранның ішінде консерваторлық топтың ықпалы біртіндеп күшейеді. Консерваторлар президент Х.Роухани саясатын сынға алып, АҚШ-тың саясатына қарсы әрекеттер жасауға шақырады.

2021 ж. қаңтарда президенттік билікке келген Демократиялық партияның өкілі Дж. Байден «ядролық келісімге» қайта оралуы мәселесі бойынша келіссөздерді жүргізуді қолдайды. Ал Иранның діни басшысы аятолла Ә. Хаменеи Батыспен келіссөздер ядролық мәселемен шектелетінін мәлімдейді (Сажин, 2021). Алайда, Байден билігі тұсында «ядролық келісім» қайта қалпына келтірілмеді. Иранға қарсы санкциялар 2022–2023 жж. хиджаб мәселесі мен оның ракеталық бағдарламасына байланысты күшейтіледі (Мамедова, 2024: 79). Иранның Израильге байланысты саясаты, Палестина мәселесі, аймақтағы Иранды қолдаушы ұйымдар мәселелері бойынша екі ел арасында қайшылықтар сақталды. Осының негізінде Вашингтон Иранға қарсы санкция салу саясатын жалғастырды. Бұл санкциялар ислам революциясын қорғаушылар Корпусы мен қорғаныс саласына қатысы бар ирандық жеке және заңды тұлғаларға салынды. Иран экономикада құрылымдық өзгерістер жасау, әлеуметтік саланы оңтайландыру, санкциялық режимнің осал тұстарын пайдалану немесе бұзу, халықаралық әріптестерін өзгерту арқылы санкциялардың әсеріне қарсылық көрсетіп келеді. АҚШ билігі санкциялар арқылы Иранға қысымды күшейту саясатын жалғастырды. Ал Иран билігі ішкі, сыртқы саясатта жаңа мүмкіндіктер іздеп, Вашингтонға қарсы тұру саясатын ұстанды.

2025 ж. қаңтарда АҚШ-та президенттік билікке екінші рет келген Д.Трамп бір жағынан, Иранға қарсы қаржы–экономикалық санкцияларды күшейту арқылы «ең жоғары қысымды» жалғастыру саясаты туралы айтса, екінші жағынан Иранмен дипломатиялық келісімді де қолдайтынын мәлімдейді. Ол наурыз айының басында ИИР діни басшысы аятолла Хаменеиге жолдаған жеке хатында Иранға «жаңа ядролық келісім» жасау туралы

келіссөздер жүргізуді ұсынады. Иран ұсыныстан бас тартып, өзінің ядролық бағдарламасын дамытуды жалғастыратын болса, оның салдары ауыр болатыны туралы да ескертеді (Сажин, 2025). Тегеран Вашингтонмен тікелей келіссөздерден бас тарта отырып, арағайын тараптардың қатысуымен келіссөздерді қабылдайтынын мәлімдейді. Қазіргі уақытта Оман мемлекетінің арағайындығымен АҚШ пен Иран арасында келіссөздер жүргізілуде. Тегеран ядролық келісім жасау арқылы санкциялардың жеңілдетілуін және алынып тасталуын қалайды. Д.Трампа та Иранмен келісімге келуге мүдделі екенін мәлімдеген болатын. Екі мемлекеттің арасындағы келіссөздердің жүргізілуіне Ресей, Қытай және Еуропа елдері де қолдау көрсетіп отыр.

Қорытынды

Иранға қарсы санкцияларды ең көп қолданған мемлекет АҚШ болып табылады. Санкциялар мерзімі бойынша 1979 жылдан бастап қазірге дейін жалғасып келеді және негізгі кезеңдері ретінде 1980 жж., 1990 жж. орт. және 2010 жылдан қазірге дейінгі кезеңді атап өтуге болады. Әр АҚШ президенті билігі тұсында Иранға қарсы жаңа санкциялар салынды немесе бұрынғы санкциялардың мерзімі ұзартылып отырды. Жалпы екі ел арасында қайшылықтардың пайда болуы Иранда саяси режимнің өзгеруімен байланысты. Өзара қайшылықтар ушығып, 1980 ж. екі ел арасында дипломатиялық байланыстар тоқтатылды және қазірге дейін байланыстар реттелмеді.

Иранға ең көп санкциялар Б. Обама және Д. Трамп тұсында салынып, жоғарғы саяси және экономикалық қысым жасалады. Алғашқы кезеңнен бастап–ақ санкциялардың көп бөлігі Иранның өзіне тікелей салынса, Б. Клинтон мен Б. Обама тұсында санкциялар Иранмен байланыстағы үшінші елдерге де қарсы бағытталады. Санкциялардың бірде күшейтіліп, бірде жеңілдетілуіне Ақ үй басшысының Республикалық немесе Демократиялық партияның өкілі болуы, ал ИИР президентінің реформаторлық немесе радикалды көзқарасты ұстануы 1997 жылдан бастап қазіргі дейін тікелей әсер етіп келеді (Шумилин, 2020: 73).

Қазіргі кезеңде АҚШ санкцияларының көп бөлігі Иранның ядролық бағдарламасының әскери бағытын шектеуге бағытталған. Сондай–ақ санкциялар Иранның әскери күштерін шектеу, адам құқықтарын қорғау мәселесі, лаңкестікке қолдау көрсетуіне тыйым салу мақсатында да салынған. АҚШ санкциялары президенттің үкімдері, Конгресс заңдары, қаржылық министрліктер, жекелеген штаттар арқылы жарияланған. Санкциялар Иран экономикасының әртүрлі салаларын, банктерді, ірі компанияларды, заңды және жеке тұлғаларды қамтиды. Иран мұнайдан түсетін табысқа тәуелді болғандықтан, санкциялардың көп бөлігі Иран экономикасының басты саласы мұнай – газ саласына шектеулер жариялаған. Осы саладағы экспорт – импорт және сырттан инвестицияға салуға шектеу қойылған. Иранның ядролық бағдарламасын шектеу мақсатында жаңа технологиялардың енуіне тыйым салынған.

Санкциялар негізінен Иранның сауда – экономикалық және қаржы саласына қарсы бағытталғанымен, Вашингтонның саяси мақсатын жоққа шығара алмаймыз (Тимофеев¹, 2018: 31). Соның ішінде, Иранның ядролық және ракеталық бағдарламасын тежеу саясатын атап өтуге болады. АҚШ мемлекеті Иранға қарсы санкциялық саясатын жалғастыруда. Әрине, санкциялар Иранның ішкі, сыртқы саясатына әсерін тигізіп жатыр. Ислам режимі АҚШ санкцияларына әртүрлі жолдармен қарсы тұрып, экономикасы мен ғылымын дамытуда.

2025 ж. екінші рет президенттік билікке келген Д. Трамп Иранға «жаңа ядролық келісім» жасау бойынша келіссөздер жүргізуді ұсынды, бұл ұсыныс қабылданбаған жағдайда оның ауыр салдары туралы да ескертті. Екі мемлекеттің де мәселені дипломатиялық жолмен шешуге мүдделі болуы, Оманның арағайындығымен келіссөздердің басталуына әкелді. Бұл келіссөздердің нәтижесінде Вашингтон мен Тегеран өзара мүдделерін ескере отырып, жаңа келісім жасай алады деп үміттенеміз.

Әдебиеттер:

- Агаев, 1984 – *Агаев С.Л.* Иранская революция, США и международная безопасность. М., Наука. 1984. 280 с.
- Алиев, 2004 – *Алиев С. М.* История Ирана. XX век. М.: Ин-т Востоковедения РАН. 2004. 648 с.
- Эджази, 2016 – *Эхсан Эджази* نگاهى اجمالى به روايت ايران و آمريكا در دوران پهلوى دوم [Екінші Пехлеви кезеңіндегі Иран – Америка байланыстарына қысқаша көзқарас] // فصلنامه علمى- پژوهشى مطالعات انقلاب اسلامى. 2016. شماره. 42. ص. 63–82
- Дунаева, Сажин, 2020 – *Дунаева Е., Сажин В.* Исламская Республика Иран в условиях новых вызовов // Азия и Африка сегодня. 2020. №5. С.12–20
- Мамедова, 2012 – *Мамедова Н. М.* Санкционный режим в отношении Исламской Республики Иран и его влияние на ситуацию в стране // Санкции и их влияние на Иран / Отв. ред. Мамедова Н. М. М.:2012. С.6–18
- Мамедова, 2024 – *Мамедова Н. М.* Экономическая ситуация в Иране накануне выборов 2024 года // Восточная аналитика. 2024. 14 (1). С. 77–88
- Сажин, 2021 – *Сажин В.* Иран, СВПД, Трамп, Байден – история и перспективы // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/28921> (12.03.2025)
- Сажин, 2025 – *Сажин В.* Дональд Трамп и Иран // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/50830> (12.03.2025)
- Сафонов, 2022 – *Сафонов А.* Проблемы и перспективы американо-иранских отношений при администрации Джозефа Байдена // Обозреватель 5-6.2022. С. 50–65
- Яхья Алави, 2016 – *Сеид Яхья Алави* گونه شناسى تحریمهای یک جانبه آمريكا علیه ايران در دوره ریاست جمهوری اوپاما [Обама президенттігі кезеңіндегі Иранға қарсы Американың бір жақты санкцияларының түрлері] // فصلنامه علمى- پژوهشى مطالعات انقلاب اسلامى 2016. شماره. 45. ص. 51–69
- Sterio, 2016 – *Milena Sterio.* President Obama’s Legacy: The Iran Nuclear Agreement // Case Western Reserve Journal of International Law. 2016. Volume 48. Pp.69–82
- Тимофеев¹, 2018 – *Тимофеев И. Н.* Экономические санкции как политическое понятие // Вестник МГИМО – Университета. 2018. 2 (59). С.26-42
- Тимофеев², 2018 – *Тимофеев И.Н.* Санкции США против Ирана: опыт применения и перспективы развития // Полис. Политические исследования. 2018. №4. С. 56–71
- Форуғи Абри, Паянде, 2016 – *Асгар Форуғи Абри, Азиме Паянде* پیامدهای تحریمهای آمريكا [Иранға қарсы 1357–1367 жж. Америка санкцияларының салдары] // Islamic revolution studies A Quarterly Scientific –Research Journal Vol. 12, Winter 2016, No 43. Pp. 63-82
- Федорова, 2012 – *Федорова И.Е.* Санкции против Ирана как инструмен политики США // Санкции и их влияние на Иран / Отв. ред. Мамедова Н.М. М.:2012. С.70–80
- Fayazmanesh, 2003 – *Sasan Fayazmanesh.* The politics of the U. S. Economics Sanctions against Iran // Review of radical Economics. 2003. Volume 35. No 3. Pp.224–240
- Fawcett, Payne, 2023 – *Louise Fawcett, Andrew Payne.* Stuck on a hostile path? US policy towards Iran since the revolution, Contemporary Politics. 2023. Pp.1–21
- Федорова, 2004 – *Федорова И. Е.* Иран – США: Диалог и противостояние. М., Инс-т Востоковедения РАН. 2004. 141 с.
- Федорова, 2017 – *Федорова И.Е.* Политика администрации Д.Трампа в отношении Ирана // Актуальные проблемы Ближнего и Среднего Востока: сборник статей. М.: Дипломатическая Академия МИД России.2017. С. 158-168
- Шумилин, 2020 – *Шумилин А. И.* США – Иран: между «максимальным давлением» и «героической гибкостью» // Мировая экономика и международные отношения. 2020. Том 64. №7. С. 69–79
- Юртаев, 2016 – *Юртаев В. И.* Иран и санкции: пределы саморазвития // Мировая экономика и международные отношения. 2016. Т.60. №5. С. 26–29

References:

- Agayev, 1984 – *Agayev S.L.* Iranskaya revolyutsiya, SSHA i mezhdunarodnaya bezopasnost [The Iranian Revolution, the United States and international security]. M., Nauka. 1984. 280 p. (in Russ.)
- Aliyev, 2004 – *Aliyev S. M.* Istoriya Irana. XX vek [The history of Iran. The twentieth century]. M.: In-t Vostokovedeniya RAN. 2004. 648 p. (in Rus.)
- Ekhsan Edzhazi, 2020 – *Ekhsan Edzhazi.* Negahi-ye edzhmali be ravobot-e Iran va Amrika dar douran-e Pakhlavi-ye dovvom [A brief look at the relations between Iran and America during the Second Pahlavi period] // Historical studies Quarterly. Vol.17. No.67. 2020. Pp. 100–120. (in Pers.)
- Dunaeva, Sazhin, 2020 – *Dunaeva E., Sazhin V.* Islamskaya Respublika Iran pered novymi vyzovami [The Islamic Republic of Iran faces new challenges] // Aziya i Afrika segodnya. 2020. № 5. Pp. 12–20. (in Rus.)
- Mamedova, 2012 – *Mamedova N. M.* Sanktsionnyy rezhim v otnoshenii Islamskoy Respubliki Iran i ego vliyaniye na situatsiyu v strane [The sanctions regime against the Islamic Republic of Iran and its impact on the situation in the country] // Sanktsii i ikh vliyaniye na Iran / Otv. red. Mamedova N. M. M.:2012. Pp.6–18. (in Rus.)
- Mamedova, 2024 – *Mamedova N. M.* Ekonomicheskaya situatsiya v Irane nakanune vyborov 2024 goda [The economic situation in Iran on the eve of the 2024 elections] // Vostochnaya analitika. 2024. 14 (1). Pp. 77–88. (in Russ.)
- Sazhin, 2021 – *Sazhin V.* Iran, SVPD, Tramp, Bajden – istoriya i perspektivy // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/28921> (12.03.2025) (in Rus.)
- Sazhin, 2025 – *Sazhin V.* Donal'd Tramp i Iran // URL: <https://interaffairs.ru/news/show/50830> (12.03.2025) (in Rus.)
- Safonov, 2022 – *Safonov A.* Problemy i perspektivy amerikano-iranskikh otnosheniy pri administratsii Dzhozefa Baydena [Problems and prospects of US– Iranian relations under the administration of Joseph Biden] // Obozrevatel 5-6.2022. Pp. 50–65. (in Rus.)
- Seid Yakhya Alavi, 2016 – *Seid Yakhya Alavi.* Guneshenasi-ye tahrīmha-ye yekdzhanbe-ye Amrika aleyh-e Iran dar doure-ye riyasat-e dzhomhuri-ye Oubama [The typology of unilateral US sanctions against Iran during the Obama presidency] // Islamic Revolutin Studies. A Quarterly Scientific_ Research Journal. Vol. 13. 2016. No 45. Pp. 51–69. (in Pers.)
- Sterio, 2016 – *Milena Sterio.* President Obama’s Legacy: The Iran Nuclear Agreement // Case Western Reserve Journal of International Law. 2016. Volume 48. Pp. 69–82. (in Eng.)
- Timofeyev¹, 2018 – *Timofeyev I. N.* Ekonomicheskiye sanktsii kak politicheskoye ponyatiye [Economic sanctions as a political concept] // Vestnik MGIMO – Universiteta. 2018. 2 (59). Pp. 26–42. (in Rus.)
- Timofeyev², 2018 – *Timofeyev I.N.* Sanktsii SSHA protiv Irana: opyt primeneniya i perspektivy razvitiya [US sanctions against Iran: application experience and development prospects] // Polis. Politicheskoye issledovaniya. 2018. №4. Pp. 56–71. (in Rus.)
- Forugi Abri, Payande, 2016 – *Asgar Forugi Abri, Azime Payande.* Payamadha-ye takhrimha-ye Amrika aleyh-e Iran az sal-e 1357–1367 [The consequences of American sanctions against Iran in 1357–1367] // Islamic Revolutin Studies. A Quarterly Scientific_ Research Journal. Vol. 13. 2016. No 45. Pp. 63-82. (in Pers.)
- Fedorova, 2012 – *Fedorova I.E.* Sanktsii protiv Irana kak instrumen politiki SSHA [Sanctions against Iran as a tool of U.S. policy] // Sanktsii i ikh vliyaniye na Iran / Otv. red. Mamedova N.M. M.:2012. Pp.70–80. (in Rus.)
- Fayazmanesh, 2003 – *Sasan Fayazmanesh.* The politics of the U. S. Economics Sanctions against Iran // Review of radical Economics. 2003. Volume 35. No 3. Pp. 224–240. (in Eng.)

Fawcett, Payne, 2023 – *Louise Fawcett, Andrew Payne*. Stuck on a hostile path? US policy towards Iran since the revolution, *Contemporary Politics*. 2023. Pp.1–21. (in Eng.)

Fedorova, 2004 – *Fedorova I. E.* Iran – SSHA: Dialog i protivostoyaniye [Iran –USA: Dialogue and Confrontation.] М., Ins-t Vostokovedeniya RAN. 2004. 141 p. (in Rus.)

Fedorova, 2017 – *Fedorova I.E.* Politika administratsii D. Trampa v otnoshenii Irana [The policy of the Trump administration towards Iran] // *Aktualnyye problemy Blizhnego i Srednego Vostoka: sbornik statey*. М.: Diplomaticeskaya Akademiya MID Rossyi. Pp. 158-168. (in Rus.)

Shumilin, 2020 – *Shumilin A. I.* SSHA – Iran: mezhdu «maksimalnym davleniyem» i «geroicheskoy gibkostyu» [USA – Iran: between «maximum pressure» and «heroic flexibility»] // *Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya*. 2020. Tom 64. №7. Pp. 69–79. (In Rus.)

Yurtayev, 2016 – *Yurtayev V. I.* Iran i sanktsii: predely samorazvitiya [Iran and sanctions: the limits of self – development] // *Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnyye otnosheniya*. 2016. T.60. №5. Pp. 26–29. (in Rus.)

¹Базаркулова Б.К. ²Габдуллин К.Т.

^{1,2} *Казахский национальный университет им. аль Фараби, Алматы, Казахстан*
E-mail: ¹bazarkulova.bk@gmail.com, ²gabdullin5682@gmail.com

САНКЦИИ США ПРОТИВ ИРАНА: НАПРАВЛЕНИЯ И ЭТАПЫ

Аннотация. После прихода к власти в Иране исламский режим провозглашает полную независимость страны, отвергает политическое и экономическое влияние Вашингтона. Иранские студенты в ноябре 1979 года взяли в заложники сотрудников посольства США. После этого события начинаются противоречия между двумя странами и США объявляют первые санкции против Ирана. В настоящее время Америка продолжает политику антииранского санкционного режима по разным направлениям. Цель и задачи исследования – изучить причины и цели санкций США против Ирана; определить их виды и периоды, показать роль президентов Ирана и США в годы санкций, анализировать влияние санкций на политическое и экономическое развитие Ирана. Для изучения этих вопросов использовались хронологический анализ и сравнительно-исторический методы. Научная новизна исследования заключается в изучении направлений и этапов санкций США против Ирана. Практическая значимость исследования заключается в том, что оно позволяет прогнозировать внешнюю политику Ирана и внутреннюю ситуацию в стране. Результаты. Основные санкции Вашингтона направлены против ядерной программы Ирана. Определенные влияния на взаимоотношения имеют политические позиции глав двух государств. Вашингтон усиливает давление посредством санкций, исламский режим проводит политику защиты своей власти, используя различные методы сопротивления. В настоящее время, в период второго президентского срока Д. Трампа, вопрос урегулирования иранской ядерной проблемы пересматривается.

Ключевые слова: Иран, США, исламский режим, санкции, нефть, экономика, ядерная программа, ядерное соглашение

¹Bazarkulova B.K., ²Gabdullin K.T.

^{1,2} *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*
E-mai: ¹bazarkulova.bk@gmail.com, ²gabdullin5682@gmail.com

US SANCTIONS AGAINST IRAN: DIRECTIONS AND STAGES

Abstract. After coming to power in Iran, the Islamic regime declares the country's full independence and rejects Washington's political and economic influence. Iranian students took US

Embassy staff hostage in November 1979. After this event, contradictions begin between the two countries and the United States announces the first sanctions against Iran. Currently, America continues the policy of the anti-Iranian sanctions regime in various directions. The purpose and objectives of the study are to study the causes and objectives of US sanctions against Iran; to determine their types and periods, to show the role of the presidents of Iran and the United States during the years of sanctions, and to analyze the impact of sanctions on Iran's political and economic development. Chronological analysis and comparative historical methods were used to study these issues. The scientific novelty of the research lies in the study of the directions and stages of US sanctions against Iran. The practical significance of the study lies in the fact that it makes it possible to predict Iran's foreign policy and the internal situation in the country. Results. Washington's main sanctions are directed against Iran's nuclear program. The political positions of the two heads of state have a certain impact on the relationship. Washington is increasing pressure through sanctions, and the Islamic regime is pursuing a policy of protecting its power by using various methods of resistance. Currently, during D. Trump's second presidential term, the issue of resolving the Iranian nuclear issue is being reviewed.

Key words: Iran, USA, Islamic regime, sanctions, oil, economy, nuclear program, nuclear agreement

Сведения об авторах:

Базаркулова Бакытгуль Копбаевна, докторант КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович, PhD, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

Базаркулова Бакытгуль Копбаевна, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Алматы, Қазақстан

Габдуллин Кенжебек Тулепбергенович, PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Information about authors:

Bazarkulova Bakytgul K., Doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Gabdullin Kenzhebek T. PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan